шейх Хайсам Сархан

من هم أولياء الله تعالى؟

Аллаһтың әулиелері кімдер?

қазақ тілі

اللغة القازاقية

mahadsunna.com

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Адамдардың арасында «Аллаһтың әулиелері - ол қабірлерде немесе күмбездердің астында жатқандар» деген сенімге ие болғандары бар. Бірақ әулие ол Аллаһтан қорқатын кез-келген мүмин, оның дүниедегі мәртебесі қандай болса да. Әрі кім Аллаһтан қорқатын тақуа мүмин болса, міне сол Аллаһтың әулиесі болады. Аллаһ Тағала былай деді:

ألا إنّ أولياء الله لا خوف عليهم ولا هم يحزنون. الذين امنوا وكانوا يتقون

«Біліңдер! Расында, Аллаһтың әулиелеріне қауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды. Олар – иман келтіргендер және тақуа болғандар» («Юнус», 62-63).

«Уәли» сөзі «уәләя» (жақын) деген сөзден алынған, әрі Аллаһтың әулиесі – ол Аллаһ туралы білетін әрі Оған тұрақты түрде мойынсұну арқылы жақындайтын, және Оған ықыласты түрде құлшылық ететін адам. Аллаһтың әулиелері Аллаһ жақсы көретін нәрселерді жақсы көретін және Ол жек көретін нәрселерді жек көретін адамдар.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаттары мен сәлемі болсын) былай деген:

«Расында, иманның ең берік тұтқасы – Аллаһ үшін жақсы көру және Аллаһ үшін жек көру» (Ахмад).

Алайда «Аллаһтың әулиелері, жүректерінде құдайлық білімдер болғандықтан, шариғат мәтіндеріне ілесуі қажетті емес» деген теріс тұжырымға келер болсақ, ол өтірік әрі адасушылық. Сондай-ақ Аллаһтың әулиесінің бір ғажайып караматтары болуы керек деген де шарт жоқ.

Сондықтан да ұлы имамдар: *«Егер әуеде ұшып жүрген, не судың үстінен жүріп бара жатқан адамды көрсеңдер, оның Аллаһтың бұйрықтары мен тыйымдарына тоқтайтынын көрмегендеріңе дейін онымен сүйсініп (алдаңбаңдар)»,* - деген екен («Мәжмуғ әл-Фатауа», 83/1).

Аллаһтың әулиелері көпшілік адамдардан әлдебір ерекше немесе жыртық-жамау киімдерімен, немесе басқа да нәрселерімен ерекшеленбейді. Әрі әулиелер күнәсіз де болмайды. Бұдан тыс олар қателікке бой беруі мүмкін. Бірақ олар әлдебір қателері мен күналарында үнемі қала бермейді.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаттары мен сәлемі болсын):

«Адам баласының әрбірі қателесуші, бірақ қателесушілердің ең жақсылары – тәубе етушілері», - деген (Тирмизи, Ибн Мәжәһ).

Әрі күнә жасап өзіне-өзі зұлымдық жасаушы мүмин адамда иманының мөлшеріне сәйкес Аллаһтың әулиелігінен болады, әрі жасаған күнәларының мөлшеріне сәйкес шайтанның әулиелігінен де болады.

Аллаһтың ең абзал әулиелері – Оның елшілері, ал олардың ішіндегі ең абзалы пайғамбарлардың соңғысы әрі тақуалардың имамы – Мухаммад (оған Аллаһтың салауаттары мен сәлемі болсын).

Аллаһтың әулиелерімен дос бол және олармен жауласудан сақтан. Өйткені Аллаһ Тағала құдси хадисте:

«Кім Менің уәлиіммен жауласса, Мен соған соғыс жариялаймын», - деп айтқан (Бухари).